

Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1655.
Күші жойылды - ҚРУ-нің 1997.04.14. N 559 қаулысымен. ~P970559

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы 1-қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 64 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетіне төрағаның 2 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасар, сондай-ақ 7 адамнан тұратын алқа ұстаудына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты үшін 3 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1781 P951781_ қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 сәуірдегі N 519

P960519_

қаулысының 2-тармағы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1781 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 шілдедегі N 950

P960950_

қаулысы.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1655 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі
мемлекеттік комитеті орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Мемлекеттік тілді дамыту, терминологиялық және ономастикалық
жұмыс жөніндегі басқарма

Ұлттық саясатты талдау және үйлестіру басқармасы

Сыртқы байланыстар және қазақ диаспорасымен жұмыс жөніндегі бөлім
Ұлт тілдерін дамыту жөніндегі бөлім

Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі бөлім

Кадрлармен, азаматтардың өтініштерімен жұмыс және арнайы жұмыс
жөніндегі бөлім

Қаржы-экономика бөлімі

Аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөлім